

Авторлар туралы мәліметтер:

Баш Өзлем – PhD доктор, профессор, Бастауыш білім кафедрасының профессоры, Хаджетепе университеті, Түркия, 068006, Анкара қ. Бейтепе, 39, тел: +905309416491, e-mail: ozlembas@hacettepe.edu.tr.

Куралбаева Алия Ахметкаримовна – PhD доктор, қауымдастырылған профессор, Педагогика және психология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан, 161200, Түркістан қ. Есил к., 19, тел: 87772257365; e-mail: aliya.kuralbayeva@ayu.edu.kz.

Шамитдинов Азиз Мираминұлы* – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, 8D01101 – «Педагогика және психология» ББ докторанты, Қазақстан, 161200, Түркістан, Сырдария ТК, 18/18, тел. 87473450201, e-mail: 4pwwspace@gmail.com.

Абдиркенова Акбидаш Капановна – PhD докторы, «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ, педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессорының м.а., Қазақстан, Қостанай қ. 110000, Н.Назарбаева 225, 87052269479; e-mail: Akbidashabdirkebova@mail.ru.

Баш Озлем – PhD доктор, профессор, профессор кафедрасы Начального образования, Университет Хаджетепе, Турция, 068006, г. Анкара Бейтепе, 39, тел: +905309416491, e-mail: ozlembas@hacettepe.edu.tr.

Куралбаева Алия Ахметкаримовна – PhD, ассоциированный профессор, ассоциированный профессор кафедрасы педагогика и психологии, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясауи, Казахстан, 161200, г. Туркестан, ул. Есиль, 19, тел: 87772257365, e-mail: aliya.kuralbayeva@ayu.edu.kz.

Шамитдинов Азиз Мираминұлы* – докторант, 8D01101 – ОП «Педагогика и психология», Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясауи, Казахстан, 161200 Туркестан, ЖК Сырдарья, 18/18, тел. 87473450201, e-mail: 4pwwspace@gmail.com.

Абдиркенова Акбидаш Капановна – PhD доктор, и.о. ассоциированного профессора кафедрасы педагогика, психологии и специального образования, НАО «Костанайский региональный университет имени Ахмета Байтұрсынұлы», г. Костанай 110000, Казахстан. Н.Назарбаева 225, 87052269479; e-mail: Akbidashabdirkebova@mail.ru.

Baş Özlem – PhD, Professor of the Department of Primary Education, Hacettepe University, Turkey, 068006 Ankara, 39 Beitepe, tel.: +905309416491, e-mail: ozlembas@hacettepe.edu.tr.

Kuralbayeva Aliya Akhmetkarimovna – PhD, Associate Professor of the Department of pedagogy and psychology, Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Republic of Kazakhstan, 161200 Turkestan, 19 Yesil Str., tel.: 87772257365; e-mail: aliya.kuralbayeva@ayu.edu.kz.

Shamitdinov Aziz Miraminuly* – PhD student, 8D01101 – "Pedagogy and psychology" educational program, Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish university, Republic of Kazakhstan, 161200, Turkestan, Syrdarya housing complex, 18/18, tel.: 87473450201, e-mail: 4pwwspace@gmail.com.

Abdirkenova Akbidash – PhD, acting Associate Professor of the Department of pedagogy, psychology and special education, «Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University» NLC, Republic of Kazakhstan, 110000, Kostanay, 225 N.Nazarbayev Str., tel.: 87052269479; e-mail: Akbidashabdirkebova@mail.ru.

FTAMP 14.85.35

ӨОЖ 37.0:004

https://doi.org/10.52269/22266070_2024_2_100

**КОЛЛАБОРАТИВТІ ЦИФРЛЫ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ЦИФРЛЫ
ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ: <https://edu-collaboration.kz/>
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ПОРТАЛЫ**

Бузаубакова К.Д. – педагогика ғылымдарының докторы, доцент, «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы.

Елубаева М.С. – педагогика ғылымдарының кандидаты, «Педагогика» кафедрасының доцент м.а., М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы.

Кудабеева П.А. – PhD доктор, «Шетел тілдері» кафедрасының меңгерушісі, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы.

Калимжанова Р.Л.* – PhD доктор, қауымдастырылған профессор м.а, «Педагогика, психология және арнайы білім беру» кафедрасының меңгерушісі, «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ, Қазақстан Республикасы.

Мақалада цифрлы аймақтар жан-жақты ашылып, коллаборативті цифрлы білім беру ортасында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттілігін қалыптастырудың мәні ашылады.

Үшінші мыңжылдықта шапшаң жүріп жатқан цифрландыру үдерісі жағдайында Жаңа Қазақстанда білім сапасын арттыру үшін педагогтердің цифрлы құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі алға шығуда. Білім беруді цифрландырудағы басты мақсат – ғаламдық бәсекелестікті арттыру, адамзаттың өмір сүру сапасын көтеру, оқыту сапасын жақсарту, білім алушылардың оқу жүктемесін азайту, цифрлық білім беру контентін жасақтау. Ғылыми әдебиеттерге шолу білім беру саласындағы коллаборация ұғымына қатысты зерттеушілер арасында консенсустың жоқтығы мәселесін анықтауға мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, мақалада коллаборативті цифрлы білім беру ортасында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың темігі ретінде <https://edu-collaboration.kz/> педагогикалық білім беру порталының мақсат-міндеттері, мазмұны ашылады және жұмыс жасау әдістемесі беріледі.

Педагогикалық білім беру порталының мақсаты – болашақ педагогтердің өзінің кәсіби қызметіне жүйелі көзқарасын қалыптастыру; болашақ педагогтердің өздігінен білім алуына дайындығын жетілдіру; болашақ педагогтің цифрлық технологияларды оқу-тәрбие процесіне тиімді қолдана алуы; болашақ педагогтердің танымдық белсенділіктерін және ақпараттық, шығармашылық құзыреттіліктерін дамыту; болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру.

Коллаборативті цифрлық білім беру ортасында қатысушылардың рөлдері ауысады: педагог оқытудың түсіндірме-баяндау әдісінен іс-әрекетке ауысады; педагог оқу іс-әрекетін ұйымдастырушы және үйлестіруші болады; ал әрбір білім алушы оқу іс-әрекетінің белсенді мүшесіне айналады.

Түйінді сөздер: цифрлы білім беру ортасы; цифрлы платформа; коллаборация; цифрлы құзыреттілік; педагогикалық білім беру порталы.

МЕТОДИКА ФОРМИРОВАНИЯ ЦИФРОВЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ В КОЛЛАБОРАТИВНОЙ ЦИФРОВОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЕ: ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ПОРТАЛ <https://edu-collaboration.kz/>

Бузаубакова К.Д. – доктор педагогических наук, доцент, заведующая кафедрой «Педагогика», Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, Казахстан.

Елубаева М.С. – кандидат педагогических наук, и.о. доцента кафедры «Педагогика», Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, Казахстан.

Кудабаева П.А. – доктор PhD, заведующая кафедрой «Мировые языки», Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, Казахстан.

Калимжанова Р.Л.* – доктор PhD, и.о. ассоциированного профессора, заведующая кафедрой «Педагогика, психология и специальное образование», НАО «Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы», Казахстан.

В статье подробно раскрываются цифровые зоны и сущность формирования цифровой компетентности будущих педагогов в коллаборативной цифровой образовательной среде.

В условиях ускоряющегося в третьем тысячелетии процесса цифровизации в новом Казахстане встает вопрос формирования цифровых компетенций педагогов для повышения качества образования. Главная цель цифровизации образования – повышение глобальной конкуренции, повышение качества жизни человечества, улучшение качества обучения, снижение учебной нагрузки обучающихся, создание цифрового образовательного контента. Обзор научной литературы позволил выявить проблему отсутствия консенсуса среди исследователей относительно понятия коллаборации в образовании.

Также в статье рассматривается коллаборативное цифровое образование как механизм формирования цифровых компетенций будущих педагогов в образовательной среде, раскрываются цели и задачи, содержание и дается методика работы педагогического образовательного портала <https://edu-collaboration.kz/>.

Цель педагогического образовательного портала – формирование системного подхода будущих педагогов к своей профессиональной деятельности; совершенствование подготовки будущих педагогов к самообразованию; эффективное применение цифровых технологий будущего педагога в учебно-воспитательном процессе; развитие познавательной активности и информационных, творческих компетенций будущих педагогов; формирование цифрово-креативных компетенций будущих педагогов.

В коллаборативной цифровой образовательной среде меняются роли участников: педагог переходит от объяснительно-повествовательного метода обучения к действию; педагог ста-

новится организатором и координатором учебной деятельности; а каждый обучающийся становится активным участником учебной деятельности.

Ключевые слова: цифровая образовательная среда; цифровая платформа; коллаборация; цифровая компетентность; педагогический образовательный портал.

**METHODOLOGY OF FUTURE TEACHERS' DIGITAL COMPETENCIES FORMATION
IN A COLLABORATIVE DIGITAL EDUCATIONAL ENVIRONMENT:
PEDAGOGICAL EDUCATIONAL PORTAL <https://edu-collaboration.kz/>**

Buzaubakova K.D. – Doctor of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Head of the Department of pedagogy, M.Kh. Dulaty Taraz Regional University, Republic of Kazakhstan.

Yelubayeva M.S. – Candidate of Pedagogical Sciences, acting Associate Professor of the Department of pedagogy, M.Kh. Dulaty Taraz Regional University, Republic of Kazakhstan.

Kudabayeva P.A. – PhD, Head of the Department of world languages, M.Kh. Dulaty Taraz Regional University, Republic of Kazakhstan.

Kalimzhanova R.L. – PhD, acting Associate Professor, Head of the Department of pedagogy, psychology and special education, «Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University» NLC, Republic of Kazakhstan.*

The article details the digital zones, the essence of the formation of digital competence of future teachers in a collaborative digital educational environment. In the context of the rapidly accelerating digitalization process in the third millennium, the New Kazakhstan faces the challenge of developing digital competencies among educators to enhance the quality of education.

The main goal of educational digitalization is to increase global competition, improve the quality of human life, improve the education quality, reduce the educational load of students, and create digital educational content. A review of the scientific literature revealed the problem of the lack of consensus among researchers on the concept of collaboration in education.

The article also examines collaborative digital education as a mechanism for the formation of digital competencies of future teachers in the educational environment, reveals the goals and objectives, the content and the methodology of the pedagogical educational portal <https://edu-collaboration.kz/>.

The purpose of the pedagogical educational portal is to form a systematic approach of future teachers to their professional activities; improve the preparation of future teachers for self-education; effective use of digital technologies for future teachers in the educational process; development of cognitive activity and information, creative competencies of future teachers.

In a collaborative digital educational environment, the roles of participants are changing: the teacher moves from an explanatory and narrative method of teaching to action; the teacher becomes the organizer and coordinator of educational activities; and each student becomes an active participant in educational activities.

Key words: digital educational environment; digital platform; collaboration; digital competence; pedagogical educational portal.

Кіріспе. XXI ғасырдың басында цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы адамзат дамуының жаһандық трендіне айналды. Жаңа мыңжылдықта қоғамда тез қарқынмен жүріп жатқан ақпараттандыру процесі цифрлық технологиялардың қолдану аясын арттырды. Ал бұл үрдіс Цифрлы Қазақстан жағдайында педагогтердің цифрлы құзыреттілігіне қоятын талаптарды күшейтті.

Цифрлық құзыреттілік болашақ педагогтің заманауи ақпараттық-коммуникациялық құралдарды меңгерудің жеткілікті жоғары деңгейімен айқындалады және болашақ педагогтің сындарлы ойлау, сыни көзқарасын дамытуымен анықталады.

Цифрлы ортада нәтижелі жұмыс жасау үшін ақпараттарды іздеу, іріктеу, сұрыптау, өңдеу үшін заманауи педагог көп ізденеді, өз білімін, кәсіби біліктілігін арттырады, өзін-өзі дамытады, нәтижесінде кәсіби біліктілігі артады.

Зерттеудің мақсаты. Болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесін жасап сипаттау.

Зерттеу міндеттері:

- 1) «коллаборация» ұғымының мәнін ашу;
- 2) педагогикалық білім беру порталының құрылымын, мазмұнын, артықшылықтарын айқындау;
- 3) педагогикалық білім беру порталы, болашақ педагогтермен арнайы ұйымдастырылған «Ең тиімді цифрлы білім беру платформасы» Халықаралық онлайн-байқауы және «Цифрлы оқыту технологиялары» онлайн курсының мысалы негізінде коллаборативті цифрлы білім беру ортасында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдістемесін жасау.

Материалдар және зерттеу әдістері. Қазақстан Республикасында педагогикалық білім беру жүйесін жаңғырту аясында жоғары оқу орындарының коллаборативті цифрлы білім беру ортасын құру

бойынша жүргізілетін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды тиімді жүзеге асыру үшін ғылыми зерттеулердің жалпы теориялық, эмпирикалық және статистикалық әдіс-тәсілдері пайдаланылды: абстракциялау, модельдеу, хронометраждық бақылау, педагогикалық жағдаяттарды талдау және синтездеу, әңгімелесу және сұхбаттасу, педагогикалық құжаттарды талдау және іс-әрекет нәтижесін бағалау, педагогикалық тәжірибені жалпылау, саулнама, тест, онлайн-тест, педагогикалық эксперимент, индукция, дедукция, педагогикалық талдау және т.б. әдістер.

Жүргізілген эксперименттік-тәжірибелік жұмыстардың нәтижесінде алынған мәліметтерді сұрыптап өңдеу үшін зерттеудің статистикалық әдістері пайдаланылады: деректерді іріктеу және жинау, сапалық ранжирлеу, корреляциялық әдіс, математикалық-статистикалық әдістер, бағалау, диагностикалау және сапалық жүйелеу, топтастыру, синтездеу, бағалау, мониторинг жасау, және т.б.

Зертеу жұмысында пайдаланған әдістердің артықшылығы – ҚР-да педагогикалық білім беру жүйесін жаңғырту аясында жоғары оқу орындарының коллаборативті цифрлы білім беру ортасын құруда қойылған мақсатқа жету үшін отандық педагогиканың қол жеткен жетістіктері дербес қазақстандық ЖОО-ның салыстырмалы тұрғыда өзге қазақстандық ЖОО-мен талданатындығы және қазақстандық ЖОО бәсекеге қабілеттіліктерін арттыруға себеп болатын ішкі және сыртқы факторларды анықтауға мүмкіндіктің болатындығы.

Зертеу жұмысында Қазақстан Республикасында педагогикалық білім беру жүйесін жаңғырту аясында жоғары оқу орындарының коллаборативті цифрлы білім беру ортасын қалыптастыру үшін қазақстандық ЖОО бірлесіп онлайн және офлайн семинарлар, конференциялар мен форумдар, мектептерде әдістемелік семинарлар, вебинарлар, коучинг сессиялары, сондай-ақ жаппай ашық онлайн режимінде курстарнетворкинг ұйымдастырылды; консорциумға біріккен ЖОО ғалымдарының авторлық бірлестікте дайындаған ғылыми еңбектердің онлайн-тұсаукесері жасалынды, педагогикалық консилиуметкізілді, пәннің цифрлы оқу контенттерін дайындау бойынша әрбір ЖОО-ның қосқан үлес-салмағы анықталды, сапасы бағаланды.

Ашық цифрлы білім беру ортасы цифрлық кеңістікте бәсекеге түсу, ынтымақтасу, өзара оқыту, объективті баға беру және білім алушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып қажетті түзетулер енгізу қабілеттерін қалыптастырады.

Цифрлы білім беру ортасы – білім беру жүйесін модернизациялаудың заманауи тенденцияларын ескере отырып, ақпараттық және коммуникациялық қызметтерді, оқу процесінің объектілеріне цифрлық құралдарды тиімді және ыңғайлы ұсынудың басқарылатын және қарқынды дамып келе жатқан цифрлы білім беру жүйесі [1].

Цифрлы білім беру ортасы электронды оқыту технологияларын, аралас оқыту модельдерін педагогикалық практикаға енгізуге, білім беру сапасын басқару процестерін автоматтандыруға, білім алушылардың цифрлық әлемде оқыту дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Білім беруді цифрландырудағы басты мақсат – цифрлық білім беру контентін жасақтау. Цифрлық білім беру контенті – интерактивті формадағы оқытуды қамтамасыз ететін оқыту пәндерінің электронды оқу-әдістемелік кешені: сандық дидактикалық материалдар, фотолар, дыбыс және бейне-фрагменттер, модельдеу объектілері және т.б.

Білім беру ұйымының цифрлық ортасын қалыптастыру және пайдалану мақсаттары педагогтің, білім алушылардың мүдделерін көрсетеді және төмендегілерді көздейді:

1) Білім алушы үшін: өз білім беру траекториясын құру мүмкіндіктерін кеңейту; ең жаңа білім беру ресурстарына қол жеткізу; білім беру ұйымдарының шеңберін кеңейту; білім беру процесінің ашықтығын арттыру;


2) Педагог үшін: автоматтандыру есебінен бюрократиялық жүктемені азайту; білім беру процесін бақылаудың ыңғайлылығын арттыру; білім беру процесінің мониторингінің ыңғайлылығын арттыру; тапсырмаларды құру және орындау кезінде оқушыларды ынталандырудың жаңа жағдайларын қалыптастыру, білім алушының жеке білім беру траекториясын дамыту үшін жағдай жасау.

Ғалымдар Л.В. Бендова, Б.П. Дьяконова, Б.М. Игошева, О.Л. Петренко, Е.С. Полат және т.б. өз зерттеулерінде педагогтің цифрлы құзыреттілігі қалыптасқанда модератор, тьютор, фасилитатор, коуч секілді рөлдерді оп-оңай атқара алады [2].

Педагогпен білім алушылардың бірлескен іс-әрекеттің нәтижесі оқыту технологиясын таңдау көптеген факторларға байланысты болады: таңдау еркіндігі; теңдік; ашықтық; диалог жүргізе алу; рефлексия жасай алуы.

Ғылыми әдебиеттерге шолу жасағанда түйгеніміз – бірқатар зерттеушілер коллаборацияны «бірлескен қызмет», «бірге орындалатын іс-әрекет», «өзара әрекетті ұйымдастырудың топтық формасы», «білім берудегі ынтымақтастық» ұғымдарын біріктіру үшін «ынтымақтасу» терминімен қатар қолданады [3, 103 б.].

1-суретте «коллаборация» ұғымының мәні педагогикалық ынтымақтастық ретінде сапалық көрсеткіштерімен анықталды.



1-сурет. – «Коллаборация» ұғымының сипаттамасы

Сондай-ақ, ғалымдар коллаборативтік білім берудің өзара әрекеттесу процесіне негізделген білім беру технологияларын пайдаланады: мысалы, жобалық технология, кейс технологиясы, ұжымдық оқыту және т.б.

Г.П. Синицынаның зерттеуіне сүйенсек, коллаборация ұжымдық оқытудың білім беру стратегиясының құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады [4, 79 б.].

Ал, ғалым Н.В. Павельева: «Коллаборативтік оқыту—тереңірек түсіну: білім беру үдерісіне қатысушылардың өзара тығыз қарым-қатынасына негізделген педагогикалық тәсіл» —деп қарастырады [5, 33 б.].

Білім беру ортасындағы ынтымақтастықты одан да кеңірек А.В. Куликов «коллорація—білім беру философиясы, бірлескен іс-әрекеттің, оқу және кәсіби-академиялық өзара әрекеттестіктің бастапқы тұжырымдамасы» екенін атап өтеді [6, 105 б.].

Шетелдік авторлардың еңбектерінде де білім саласындағы коллаборацияның жан-жақты және қатаң ғылыми анықтамаларының жоқтығын атап өтеміз. Мысалы, М. Laal и S.M. Ghodsi коллаборацияны білім алушылардың өз іс-әрекеттеріне жауапкершілік алатын және құрбыларының қабілеттері мен үлестерін құрметтейтін оқудағы өзара әрекеттесу философиясы ретінде анықтайды [7, 487 б.].

Шетел әдебиеттерін талдау 1980 жылдардың соңынан бастап педагогикалық зерттеулерде коллаборациялық оқытудың ерекшеліктері кеңінен қамтылғанын көрсетті.

Ең алдымен, Д. Джонсон атап өткендей, білім беру саласындағы коллаборация оқытудың конструктивістік теорияға негізделеді:

а) білімді оқушылардың өздері құрастырады және түрлендіреді; мұғалімдердің міндеті — оқытудың белсенді әдістерін басымдықпен қолдану және топтық тәрбиелік өзара әрекетті ұйымдастыру арқылы тиісті педагогикалық жағдайлар жасау;

б) оқу-тәрбие процесі мұғалімнің оқушыға әсері емес, барлық қатысушылардың субъект-субъект және субъект-объект белсенді мақсатты өзара әрекеті [8, 511 б.].

Зерттеу нәтижелері.

Жаңа Қазақстан жағдайында жайлы мектепті құру үшін онда жанға жайлы ахуал туғызатын ерекше көңіл-күй сыйлауымыз керек. Ал ол үшін болашақ педагогтерді цифрлы технологиялармен қаруландырып, цифрлы құзыреттіліктерін арттыруымыз маңызды. Зерттеу нәтижелері білім беру саласындағы оқу коллаборациясының сипаттау негізінен теориялық сипатта болатынын көрсетті.

Соған қарамастан, зерттеу нәтижесінде педагогикалық ынтымақтастық нысаны ретіндегі коллаборациясының келесі ерекше белгілері анықталды.

1. Педагогикалық өзара әрекеттестіктің ынтымақтастық нысаны білім беру үдерісі субъектілерінің өзара әрекеті мен қарым-қатынасының желілік сипатын болжайды.

2. Тәрбиелік өзара әрекеттестік өнімі, білім беру мақсаттарынан айырмашылығы, алдын ала анық болжауға болмайды.

3. Ынтымақтастық өзара іс-қимылды жүзеге асыру арнайы ұйымдастырылған білім беру ортасында мүмкін, бірақ бірлескен қызметтің құрылымдары мен ережелерін қатаң реттеуді білдірмейді.

4. Ынтымақтастық, ең алдымен, оны шешу барысында білім алушының ресурстарын бөлуге емес, жалпы тапсырмамен жұмыс істеу кезінде жекелеген білім алушының мүмкіндіктері мен қабілеттерінің синергетикасына негізделеді.

5. Педагог ынтымақтастық жағдайында фасилитатор және сырттан бақылаушы қызметін атқарады.

Ғылыми-зерттеу жұмысы барысында «Ең тиімді цифрлы білім беру платформасы» атты Халықаралық онлайн-байқауы өткізілді: <https://dulaty.kz/2020-01-30-02-50-58/item/6696-ulyimi-zhobayasynda-khaly-araly-onlajn-baj-au-jymdastyryldy.html> .

«Ең тиімді цифрлы білім беру платформасы» атты Халықаралық онлайн байқауына М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті және Ресей Федерациясының Шадринск мемлекеттік педагогикалық университетінің болашақ педагогтері қатысты.

Халықаралық онлайн байқаудың мақсаты – цифрлық-коллаборациялық кеңістікте креативті педагогтердің инновациялық іс-тәжірибесін үйрену, зерттеу, тарату, насихаттау және жинақтау; педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін және шығармашылық әуелетін жетілдіру.

Халықаралық онлайн байқау болашақ педагогтердің шығармашылық және кәсіби әлеуетін жандандыру; болашақ педагогтерді қазіргі заманғы цифрлы білім беру платформаларымен таныстыру және оқу-тәрбие процесіне тиімді ендіру жолдарын меңгерту; болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін арттыру; болашақ педагогтердің кәсіби шеберлігін дамыту; цифрлық білім беру ортасында болашақ педагогтердің әлеуметтік және кәсіби имиджін қалыптастыру сынды міндеттерді шеше алды.

«Ең тиімді цифрлы білім беру платформасы» атты Халықаралық онлайн-байқауына қатысқан болашақ педагогтер «Educarplay» платформасы, «ROQED» платформасы, «Genially» платформасы, «Flippity» платформасы, «Learningapps.org» платформасы, «Classroom Screen» платформасы, «Classroom платформасы», «Worldwall» платформасы, «Canva» платформасы, «Learningapps» платформасы және т.б. платформалардың артықшылықтарын аша алды.

«Ең тиімді цифрлы білім беру платформасы» атты Халықаралық онлайн-байқауына қатысқан қазақстандық төрт ЖОО-ы болашақ педагогтерінің цифрлы платформаларды меңгеру көрсеткіштері 1-кесте және 2-суретте ашылды.


Кесте-1. – Болашақ педагогтердің цифрлы платформаларды меңгеру көрсеткіштері

№	Цифрлы платформа атауы	Дулати университеті, 26 студент	Жетісу университеті, 25 студент	Көкшетау университеті, 26 студент	Арқалық педагогикалық институты, 25 студент
1	Wordwall	6(23,1%)	7(28%)	3(11,5%)	5(20%)
2	Educarplay	2(7,7%)	3(12%)	1 (3,8%)	2(8%)
3	Classroom Screen	1(3,8%)	2(8%)	-	1(4%)
4	Learningapps.org	2(7,7%)	3(12%)	2(7,7%)	2(8%)
5	ROQED	1(3,8%)	-	-	-
6	Genially	2(7,7%)	2(8%)	1 (3,8%)	1(4%)
7	Interacty	1 (3,8%)	-	-	1(4%)
8	Жасанды интеллект	1(3,8%)	2(8%)	1(3,8%)	1(4%)
9	Spinhewhell	1(3,8%)	-	2(7,7%)	-
10	Magigschool	1(3,8%)	-	2(7,7%)	-
11	Classroom	2(7,7%)	2(8%)	2(7,7%)	3(12%)

12	Zoom	1(3,8%)	2(8%)	3(11,5%)	1(4%)
13	Classroomscreen	2(7,7%)	-	-	2(8%)
14	Flippity	2(7,7%)	2(8%)	2(7,7%)	2(8%)
15	Clideo	2(7,7%)	-	-	-
16	PowerPoint	1(3,8%)	-	7(26,92%)	4(16%)

Халықаралық онлайн-байқауына қатысқан болашақ педагогтердің Wordwall платформасын еркін меңгергендіктерін байқадық. Мәселен, Талдықорған университетінен байқауға қатысқан 25 болашақ педагогтің 7-і , яғни 28%-ы; Көкшетау университеті байқауға қатысқан 25 болашақ педагогтің 3-і , яғни 11,5%-ы; Дулати университетінен байқауға қатысқан 26 болашақ педагогтің 3-і , яғни 23,1%-ы Wordwall платформасымен жұмыс жасай алады.

Халықаралық онлайн-байқауына қатысқан болашақ педагогтердің ROQED, Clideo, Classroomscreen, Spinhewhell, Magigschoo платформаларын аз меңгергендіктерін байқадық. Мәселен, ROQED платформасымен Дулати университетінен 1 болашақ педагог және Ресей Федерациясының Шадринск мемлекеттік педагогикалық университетінен 1 болашақ педагог жұмыс жасай алатындығын көрсетті.



2-сурет. – Болашақ педагогтердің цифрлы платформаларды меңгеру көрсеткіштер

Байқауға қатысқан болашақ педагогтердің үздік деп танылған жұмыстары ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде арнайы ашылған <https://edu-collaboration.kz/> педагогикалық білім беру порталының «Педагогикалық технология» блогына жүктелді: <https://edu-collaboration.kz/ru/b-gytt-r/ped-g-gilyk-tekhn-l-giya/68-khaly-araly-onlajn-konkurs-video>.

Кез келген болашақ педагог порталға жүктелген видеоконтенттерді көру арқылы өз білімдерін жетілдіріп, цифрлы құзыреттілігін қалыптастыра алады.

Педагогикалық білім беру порталының «Әдістеме» блогында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында арнайы ұйымдастырылған «Цифрлы оқыту технологиялары» онлайн курсының ережесі және жоспарланған әрбір тақырыптың ресурстары берілді: теориялық материал; тақырыптың презентациясы; курсқа қатысқан болашақ педагогтердің цифрлы технология және цифрлы платформалар бойынша меңгерген жаңа білімдерін бағалауға, тексеруге арналған тест сұрақтары берілді: <https://edu-collaboration.kz/kk/b-gytt-r/adisteme>.


Онлайн курсқа қатысқан болашақ педагогтердің курс дейін білетін және курс барысында меңгерген цифрлы технологиялар және цифрлы платформалар бойынша қалыптасқан цифрлы құзыреттілік деңгейлерін бағалау үшін «Цифрлы оқыту технологиялары» бойынша «Менің білетінім» және «Менің үйренгенім» тақырыптарына онлайн сауалнама жүргізілді: https://docs.google.com/forms/d/1eMlh68Digh_FMPPr2HbaegZ12ruv4DI3CESCQBLfTY/edit.

Жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижесі (2-кесте және 3-суретте көрнекі ашылды).

Жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, «Цифрлы оқыту технологиялары» онлайн курсына қатысқан 102 болашақ педагогтердің курстан кейін цифрлы оқыту технологиясын меңгеруге деген құлшыныстары айтарлықтай артты. Мәселен, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінен қатысқан 26 болашақ педагогтердің цифрлы оқыту технологиясын меңгерудің жоғары деңгейі курсқа дейін 3,85 % болса, ал курстан кейін болашақ педагогтердің цифрлы оқыту технологиясын меңгерудің жоғары деңгейі 30,77 %, яғни 27,92 %-ға немесе 8 еседей артқан; І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінен қатысқан 25 болашақ педагогтердің цифрлы оқыту технологиясын меңгерудің жоғары деңгейі курсқа дейін 8 % болса, ал курстан кейін болашақ педагогтердің цифрлы оқыту технологиясын меңгерудің жоғары деңгейі 28 % болды, яғни 20 %-ға немесе 3,5 есеге артқан; Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінен қатысқан 26 болашақ педагогтердің цифрлы оқыту технологиясын меңгерудің жоғары деңгейі курсқа дейін 3,85% болса, ал курстан кейін болашақ педагогтердің цифрлы оқыту технологиясын меңгерудің жоғары деңгейі 23,08% болды, яғни 19,23%-ға немесе 6 еседей артқан; Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтынан қатысқан 25 болашақ педагогтердің цифрлы оқыту технологиясын меңгерудің жоғары деңгейі курсқа дейін 4 % болса, ал курстан кейін болашақ педагогтердің цифрлы оқыту технологиясын меңгерудің жоғары деңгейі 16 % болды, яғни 12 %-ға немесе 4 есе артқан.

2-кесте. – Болашақ педагогтердің цифрлы оқыту технологияларын (ЦОТ) меңгеру көрсеткіштері

№	Болашақ педагогтің ЦОТ меңгеру деңгейі	Дулати университеті (ДУ), 26 студент		Жетісу университеті (ЖУ), 25 студент		Көкшетау университеті (КУ), 26 студент		Арқалық педагогикалық институты (АИ), 25 студент	
		курсқа дейін	курстан кейін	курсқа дейін	курстан кейін	курсқа дейін	курстан кейін	курсқа дейін	курстан кейін
1	Төмен	6 (23,08%)	2 (7,69%)	7 (28%)	3 (12%)	8 (30,77%)	5 (19,23%)	10 (40%)	6 (24%)
2	Орта	19 (73,07%)	16 (61,54%)	16 (64%)	15 (60%)	17 (65,38%)	15 (57,69 %)	14 (56%)	15 (60%)
3	Жоғары	1 (3,85%)	8 (30,77%)	2 (8%)	7 (28%)	1 (3,85%)	6 (23,08%)	1 (4%)	4 (16%)



3-сурет. – Болашақ педагогтердің цифрлы оқыту технологиясын меңгеру деңгейлері

Болашақ педагогтермен арнайы жүргізілген онлайн курстан кейін болашақ педагогтердің цифрлы оқыту технологияларды меңгеруге деген құлшыныстары артты, тәжірибелік сабақтарда болашақ педагогтер өздері білетін оқыту технологияларымен тыңдаушыларды таныстырып, өзге болашақ педагогтердің жаңа цифрлы оқыту технологияларын терең меңгерулеріне атсалысты.

Кез келген болашақ кез келген уақытта педагог порталға жүктелген видеоконтенттерді және дидактикалық ресурстармен танысу арқылы өз білімдерін жетілдіріп, цифрлы құзыреттілігін арттыра алады.

Талдау. Цифрлы оқыту платформалары білім алушылармен және олардың әріптестерімен желілік-ынтымақтастық байланыс орнатуға мүмкіндік береді; цифрлы ортада оқытушылармен, өз әріптестерімен материалдар алмасу және құру дағдыларын дамытады; оқу материалын құру және барды бейімдеу үшін цифрлы контенттерді пайдалануға және цифрлық технологияларды шығармашылықпен қолдануға жол ашады.

Цифрлы платформаларды пайдаланудың артықшылықтары 4-суретте ашылды.

1	• Жаңа материалды түсіндіргенде немесе жаңа сабақты бекіткенде қолдану әдісі. Бұл жағдайда анимациялық, бейнеүзінділер, дыбыстық файлдар, графикалық кескіндерді көрсету сияқты цифрлы білім беру ресурстарын (ЦБР-ын) пайдаланған дұрыс
2	• Білім алушының өзіндік оқу іс-әрекетін ұйымдастырған жағдайда оқу кешенінің барлық материалдары пайдалы болуы мүмкін.
3	• Цифрлы білім беру платформалары әртүрлі бақылауларды (кіріс, ағымдық, кесінді, қорытынды) ұйымдастырған жағдайда бақылау-диагностикасы білім алушылардың компьютерлік тестіленуі
4	• Мультимедиялық құралдарды пайдалану арқылы ЦБР-ды нақты бір пән не бағыт бойынша топтастыруға мүмкіндік беретін әдіс
5	• Цифрлы білім беру платформалары зертханалық жұмыстарды орындау кезінде ЦБР-дың артықшылығы қолдануы өте үлкен және қымбат тұратын құрылғылардан тұратын оқу зертханаларын алмастыруға мүмкіндік береді
6	• Жаратылыстану ғылыми циклінің пәндері мен информатика және АКТ үшін интерактивті цифрлы білім беру платформалары жаттықтырушы ретінде қолдану әдісін айтуға болады
7	• Білім алушыларға педагогтің қатысуынсыз өздеріне ыңғайлы уақытта, өз темпінде теориялық материалдармен танысуға, зертханалық жұмыстар мен тестік тапсырмаларды орындауға мүмкіндік беретін қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру әдісін айтуға болады

4-сурет. – Цифрлы платформаларды пайдалану артықшылықтары

Педагогикалық ЖОО-ның коллаборативті білім беру ортасында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттілігін қалыптастыру моделін әзірлеу және оны оқу процесіне енгізу мақсатында коллаборативті цифрлы білім беру ортасын қалыптастыру бойынша инновациялық-ақпараттық банк қоры жасақталды, ЖОО-ның педагогикалық білім беру әлуетін күшейту үшін М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті арасында коллаборативті педагогикалық консорциум құрылды, Дулати университеті базасында жаңа <https://edu-collaboration.kz/> қазақстандық педагогикалық білім беру порталы ашылды.

<https://edu-collaboration.kz/> педагогикалық білім беру порталы арнаулы орта және жоғары педагогикалық оқу орны студенттері, магистранттары, докторанттары, оқытушылары және білім беру мекемелерінің басшы кадрлары мен әдіскерлері, жалпы орта білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналады (5-сурет).

<https://edu-collaboration.kz/> педагогикалық білім беру порталы бас мәзірі 4 блоктан тұрады: «Біз туралы» блогы; «Жоба туралы» блогы; «Байланыс» блогы; «Жаңалықтар» блогы.



5-сурет. – Педагогикалық білім беру порталының бас мәзірі

Педагогикалық білім беру порталының бас мәзірінде Жоба дамуының бағыттары орналасқан: инновация; педагогикалық технология; әдістеме. <https://edu-collaboration.kz/> педагогикалық білім беру порталының «Галерея» блогында Жоба бойынша жүргізілген іс-шаралардан хабардар ететін бейнекөріністерді қамтитын түрлі-түсті суреттер топтастырылған.

Педагогикалық білім беру порталы 3 тілде жұмыс жасайды: қазақ тілі; орыс тілі; ағылшын тілі. Порталдың сол жақ жоғары жағында «Іздеу» батырмасы орналасқан. «Іздеу» батырмасы қажетті материалдарды табуға мүмкіндік береді.

6-суретте педагогикалық білім беру порталының «Жоба дамуының бағыттары» блогы көрнекі ашылды.



6-сурет. – Педагогикалық білім беру порталының «Жоба дамуының бағыттары» блогы

Жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесіне сүйенсек, <https://edu-collaboration.kz/> педагогикалық білім беру порталы болашақ педагогтерді цифрлы платформалардың қыр-сырымен таныстырып, цифрлы технологиялармен қаруландырады; болашақ педагогтердің өзінің кәсіби қызметіне жүйелі көзқарасын және кәсіби маңызды жеке тұлғалық сапасын қалыптастырады; болашақ педагогтердің өзінің кәсіби қызметіне жүйелі көзқарасын қалыптастырады; болашақ педагогтердің цифрлы технологияларды меңгеру бойынша шығармашылық ғылыми-ізденіске, өздігінен инновацияларға білім алуына дайындығын қалыптастырады; болашақ педагогке *цифрлы технологияларды оқу-тәрбие процесіне тиімді қолдануға мүмкіндік береді; оқытуда іс-әрекетке бағыттап жүргізуді көздейді; білім алушылардың танымдық белсенділіктерін арттыруға көмектеседі; оқытудың интербелсенді әдіс-тәсілдерін қолдануға көмектеседі; болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін дамытады* [9, 2363 б.].

Педагогикалық білім беру порталы болашақ педагогтерді цифрлы ортадағы педагогикалық процестің қыр-сырымен таныстырып, болашақ педагогтердің өзінің кәсіби қызметіне жүйелі көзқарасын және кәсіби маңызды жеке тұлғалық сапасын қалыптастырады; болашақ педагог цифрлы платформалардың түрлерімен, қыр-сырымен танысады, цифрлы технологияларды меңгереді.

Ұсынылып отырған педагогикалық білім беру порталының төмендегідей артықшылықтарын атап өтеміз:

Біріншіден, бұл өзара толықтырушы қатынастарды қалыптастыру негізінде қазақстандық ЖОО-ның зияткерлік ресурстарын бір арнаға шоғырландыру және ЖОО-ы белді ғалымдары, әдіскерлері бірлесе, қолда бар пәндердің цифрлы оқыту контенттерін бірлесе, сапалы дайындауға күш біріктіреді.

Екіншіден, сапалы дайындалған пәннің цифрлы оқу контенттерін ортақ пайдалануға мүмкіндік туады. Ал бұл өз кезегінде пәндердің цифрлы оқу контенттерін сапалы, мазмұнды дайындауды қамтамасыз етеді және алынған нәтижелерді рұқсатсыз көшіруге жол берілмейді.

Үшіншіден, Қазақстандық ЖОО-ның инновациялық педагогикалық тәжірибелерін үйренуге, зерттеуге, пайдалануға және насихаттауға кең жол ашылады. Мәселен, ЖОО-ның коллаборативті зерттеуі барысында М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті және І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің белді ғалымдарының бірлескен «Цифрлы білім беру ортасындағы педагогтің қызметі» оқулығы жарық көрді [1; 129].

Ең бастысы, қазақстандық ЖОО арасында инновациялық ынтымақтастық байланыс орнайды, білім сапасы артады, білімнің базалық және деректердің банкілік мәліметтеріне, тұтынушы – сервер, мультимедиа, компьютерді оқып-үйренуші жүйелерге, цифрлы оқыту ресурстарына, оқу пәндерінің цифрлы контенттерін еркін пайдалануға мүмкіндік туады, оқу-әдістемелік және электрондық оқулықтарға, оқу-әдістемелік материалдарға, компьютерлік бағдарламаларға еркін кіруге мүмкіндік туады.

Қорытынды. Ақпараттық ғасыр цифрлы технологияларды өз іс-тәжірибесінде жүйелі пайдаланатын, оқу-тәрбие процесін ұтымды басқара алатын, оқу-тәрбие процесін жетілдіру мақсатындағы ұдайы ғылыми ізденістер жасайтын, цифрлы-креативті құзыреттіліктері қалыптасқан жаһандық бәсекеге қабілетті педагогтерді қажет етеді. Сол себепті заманауи педагогтердің цифрлы технологиялармен қаруландыру маңызды.

Зерттеуде ұсынылған мазмұндық және дискурстық талдау нәтижелері коллаборацияны әлеуметтік ынтымақтастықтың бір түрі ретінде жіктеуге мүмкіндік береді. М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің өзара желілік әрекет-тестіктің бұл формасы коллаборация, ынтымақтастық, ұжымдастық ұғымдарын ажыратуға мүмкіндік беретін бірқатар ерекше белгілерге ие екенін анықтау мүмкін болды. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау жіктеу негізі ретінде субъект-субъект өзара әрекеттесу актілерінің сипатын таңдау кезінде әлеуметтік-педагогикалық өзара әрекеттесу типологиясы арасындағы байланыстың бар екендігін анықтауға мүмкіндік берді.

Салыстырмалы талдау нәтижесінде цифрлық білім берудегі коллаборацияны (коллаборативтік оқыту) педагогикалық өзара әрекеттестіктің бір түрі ретінде түсіну ұсынылады. Сонымен қатар, Жоба аясында болашақ педагогтермен арнайы ұйымдастырылған «Ең тиімді цифрлы білім беру платформасы» атты Халықаралық онлайн-байқауы және «Цифрлы оқыту технологиялары» онлайн курсынан алынған нәтижелер педагогикалық білімнің дербес ішкі категориясы ретінде осы құбылысты анықтау мүмкіндігі үшін білім беру ынтымақтастығы нысаны ретінде педагогикалық білім беру порталы коллаборацияның жеткілікті ерекшелігін көрсетеді.

Мадақтау. Зерттеу АР19680242 «Қазақстан Республикасында педагогикалық білім беру жүйесін жаңғырту аясында жоғары оқу орындарының коллаборативті цифрлы білім беру ортасын құру» атты гранттық жоба аясында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бузаубакова К.Д., Беделбаева А.Е. Цифрлы білім беру ортасындағы педагогтің қызметі [Мәтін]: оқулық / К.Д.Бузаубакова, А.Е. Беделбаева. – Тараз: «ИП Бейсенбекова А.Ж.». – 2024. – 129 б.
2. Полат Е.С. Қашықтықтан оқытудың теориясы мен практикасы: ЖОО-ға арналған оқулық / Е.С. Болат [және басқалары]; өңдеген Е.С. Болат. – 2-бас., қайта қаралған және доп. – Мәскеу: «Юрайт» баспасы, 2023. – 434 б.
3. Незнанов А.А. и др. Білім берудегі бірлескен технологиялар: гибриді оқытуға тиімді қолдауды қалай құруға болады? // Университетті басқару: тәжірибе және талдау. – 2019. – Т. 23. – № 1–2. – 101–110 б
4. Сеницына Г.П. Серіктестікте оқыту стратегиясы: ынтымақтастықта оқыту / Г.П. Сеницына // Адам ғылымы: гуманитарлық зерттеулер. – 2019. – №2(36). – 78–82 б
5. Павельева Н.В. Ынтымақтастық оқыту білім беру үдерісін тиімді жүзеге асырудың үлгісі ретінде / Н.В. Павелева // Білім. Мансап (Карьера). Қоғам. – 2010. – №3(29). – 30–37 б.
6. Куликов А.В. Қашықтықтан бірлескен оқыту жүйелері және даму технологиясының кейбір аспектілері / А.В.Куликов // 20-21 ақпан 2012 ж. II халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Пенза – Ереван – Шадринск: «Социосфера» ғылыми баспа орталығы, 2012. – 105–107 б.
7. Laal M., Ghodsi S.M. Benefits of collaborative learning / M. Laal, S.M. Ghodsi //Procedia-social and behavioral sciences. – 2012. – Vol. 31. – p.486–490.
8. Johnson D.W. et al. Impact of group process on achievement in cooperative groups / D.W. Johnson // The Journal of Social Psychology. – 1990. – Т. 130. – №4. – p. 507–516.
9. Klara B., Mirsha Y., Perizat K., Amina A., Turalbayeva A., Seisekul K. Pedagogical education in the new Kazakhstan: technological and methodological aspects of distance learning for future teachers // Information Sciences Letters (An International Journal). – 12. – No2. – 2023. – 2361–2378 p.

REFERENCES:

1. Buzaubakova K.D., Bedelbaeva A.E. Cifrlly bilim беру ortasyndagy pedagogtin kyzmeti [Teacher activities in the digital educational environment]. Taraz, IP Beisenbekova A.ZH, 2024, 129 p. (In Kazakh).
2. Polat E.S. et al. Teoriya i praktika distancionnogo obucheniya: uchebnoe posobie dlya vuzov [Theory and practice of distance learning: a textbook for higher educational institutions]. Moscow, Izdatel'stvo Yurajt, 2023, 434 p. (In Russian).
3. Neznanov A.A. et al. Kollaborativnye tekhnologii v obrazovanii: kak vystroit' effektivnyuyu podderzhku gibridnogo obucheniya? [Collaborative educational technologies: how to build effective support for hybrid learning?]. *Universitetskoe upravlenie: praktika i analiz*, 2019, vol. 23, no. 1–2, pp. 101–110. (In Russian).
4. Sinicyna G.P. Strategiya obucheniya v partnyorstve: kollaborativnoe obuchenie [Partnership learning strategy: collaborative learning]. *Nauka o cheloveke: gumanitarny'e issledovaniya*, 2019, no. 2(36), pp. 78–82. (In Russian).
5. Paveleva N.V. Kollaborativnoe obuchenie kak model' effektivnoi realizacii obrazovatel'nogo processa [Collaborative learning as a model for the effective implementation of the educational process]. *Obrazovanie. Kar'era. Obshchestvo*, 2010, no.3(29). pp. 30–37. (In Russian).
6. Kulikov A.V. Sistemy' distancionnogo kollaborativnogo obucheniya i nekotory'e aspekty' tehnologii ih razrabotki [Distance collaborative learning systems and some aspects of their development technology]. *Sborniki konferencii NIC Sociosfera. Vedecko vydavatel'ske centrum Sociosfera-CZ sro*, 2012, no.8, pp. 105–107. (In Russian).
7. Laal M., Ghodsi S.M. Benefits of collaborative learning. *Procedia-social and behavioral sciences*, 2012, vol. 31, pp.486–490.
8. Johnson D.W. et al. Impact of group processing on achievement in cooperative groups. *The Journal of Social Psychology*, 1990, vol. 130, no. 4, pp. 507–516.
9. Klara B., Mirshat Y., Perizat K. et al. Pedagogical education in the new Kazakhstan: technological and methodological aspects of distance learning for future teachers. *Information Sciences Letters (An International Journal)*, 2023, 12, no. 2, pp. 2361-2378.

Авторлар туралы мәліметтер:

Бузаубакова Клара Джайдарбековна – педагогика ғылымдарының докторы, доцент, «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы, 080000, Тараз қаласы, Сүлейменов көшесі, 7, тел. 87057201856, e-mail: klara_1101@mail.ru.

Елубаева Миршат Сайлаубековна – педагогика ғылымдарының кандидаты, «Педагогика» кафедрасының доцент м.а., М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы, 080000, Тараз қаласы, Сүлейменов көшесі, 7, тел.: 8 705 319 02 95, e-mail: elubaeva.mirshat@mail.ru.

Кудабаева Перизат Асанбаевна – PhD доктор, «Шетел тілдері» кафедрасының меңгерушісі, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы, 080000, Тараз қаласы, Сүлейменов көшесі, 7, тел. 8 771 300 01 78 perizat_2003@mail.ru.

Калимжанова Роза Лаиковна* – PhD доктор, қауымдастырылған профессор, «Педагогика, психология және арнайы білім беру» кафедрасының меңгерушісі, «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ, Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай қаласы, Мауленова қ, 10А, 75 п., тел. 8701 338 21 86, e-mail: roza.kalimjanova@mail.ru.

Бузаубакова Клара Джайдарбековна – доктор педагогических наук, доцент, заведующая кафедрой "Педагогика", Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, Казахстан, 080000, г. Тараз, улица Сулейменова, 7, тел. 8 705 720 18 56, e-mail: klara_1101@mail.ru.

Елубаева Миршат Сайлаубековна – кандидат педагогических наук, и. о. доцента кафедры "Педагогика", Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, Казахстан, 080000, г. Тараз, улица Сулейменова, 7, тел.: 8 705 319 02 95, e-mail: elubaeva.mirshat@mail.ru.

Кудабаева Перизат Асанбаевна – доктор PhD, заведующая кафедрой "Мировые языки", Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, Казахстан, 080000, г. Тараз, улица Сулейменова, 7, тел. 8 771 300 01 78, e-mail: perizat_2003@mail.ru.

Калимжанова Роза Лаиковна* – доктор PhD, ассоциированный профессор, заведующая кафедрой "Педагогика, психология и специальное образование", НАО «Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы», Казахстан, 110000, г. Костанай, ул.Мауленова, 10А, кв.75, тел. 8 7013382186, e-mail: roza.kalimjanova@mail.ru.

Buzaubakova Klara Dzhaidarbekovna – Doctor of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Head of the Department of pedagogy, M. Kh. Dulaty Taraz Regional University, Republic of Kazakhstan, 080000, Taraz, 7 Suleimenov Str., tel.: 8 705 720 18 56, e-mail: klara_1101@mail.ru.

Yelubayeva Mirshat Sailaubekovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, acting Associate Professor of the Department of Pedagogy, M. Kh. Dulaty Taraz Regional University, Republic of Kazakhstan, 080000, Taraz, 7 Suleimenov Str., tel.: 8 705 319 02 95, e-mail: elubaeva.mirshat@mail.ru.

Kudabayeva Perizat Assanbayevna – PhD, Head of the Department of world languages, M. Kh. Dulaty Taraz Regional University, Republic of Kazakhstan, 080000, Taraz, 7 Suleimenov Str., tel.: 8 771 300 01 78, e-mail: perizat_2003@mail.ru.

Kalimzhanova Rosa Laikovna* – PhD, Associate Professor, Head of the Department of pedagogy, psychology and special education, «Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University» NLC, 110000, Kostanay, 10A Maulenov Str., apt. 75, tel.: 8 701 338 21 86, e-mail: roza.kalimjanova@mail.ru.

MISTI 14.07.03

UDC 37.032

https://doi.org/10.52269/22266070_2024_2_112

METHODOLOGY OF READINESS OF FUTURE PRIMARY SCHOOL TEACHERS TO WORK ON THE INTELLECTUAL DEVELOPMENT OF CHILDREN

Daribayeva Zh.A. – PhD student, 8D01303 "Pedagogy and methods of primary education" program, Korkyt Ata Kyzylorda University, Republic of Kazakhstan.

This article considered the readiness of future primary school teachers to work on the intellectual development of students. The research work was carried out by students of Korkyt Ata Kyzylorda University. The goal of the research is to determine the readiness of future primary school teachers to work on the intellectual development of students. The research objectives include the interest of students in the future profession, the desire to master it, knowledge of the teaching patterns, checking students' understanding of intellectual development work, collecting materials required for primary school students' intellectual development work. A pre-test survey was done prior to the start of the study, and a post-test survey was conducted after the study concluded. For the research work, a control and experimental group was selected from third-year study groups in Korkyt Ata Kyzylorda University's educational program on pedagogy and fundamental teaching methods. The experimental group also received extra material, tests, and scientific research tasks in addition to the curriculum. At the end of the research work, students were interviewed, dividing them into focus groups. This resulted to the determination of the students' readiness to work on the